


Енді шығыстардың батыстардың Раббына серт! Шын мәнінде әр нәрсеге күшіміз жетеді. (40) Олардың орнына олардан жақсыны ауыстыра аламыз. Сондай-ақ ешкім Бізден оза алмайды. (41) (Мұхаммед F.C.) ендеше оларды қойып қой; оларға уәде етілген күнге дейін сүңгіп ойнай тұрсын. (42) Сол күнде олар қабырларынан тез шығып, тігулі көмбеге жүгіргендей жүгіреді. (43) Олардың көздері төмен қарап, өздерін қорлық басады. Міне осы, оларға уәде етілген күн. (44)

71-НҮХ СҮРЕСІ

Меккеде түскен Жиырма сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Расында Нұх (F.C.) ты, еліне: "Қауымыңды күйзелтуші азап келуден бұрын қорқыт" деп, жібердік. (1) (Нұх F.C.): "Шын мәнінде мен сендерге ашық ескертушімін" деді. (2) "Аллаға құлшылық қылыңдар, Одан қорқыңдар, маған бағыныңдар;" (3) "Күнеларыңды жарылқайды және өздеріңді белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді. (Өмір сүрдіреді.) Егер білген болсаңдар, шын мәнінде Алланың өлшеулі мезгілі жетсе кешіктірілмейді." (4) (Нұх F.C.): "Раббым! Расында мен елімді күндіз-түні шақырдым." (5) "Бірақ шақыруым, олардың қашуын ғана



арттырды." (6) "Расында мен оларды Сенің бағыштауың үшін шақырған сайын, олар саусақтарын құлақтарына тығып, киімдерін бүркенген бойда, қасарысып, паңданған сайын паңданды." (7) "Сосын рас мен оларды қатты дабыстап шақырдым." (8) "Одан кейін мен оларға ашықша да тіпті өздеріне көмес түрде жасырын да айттым." (9) (Сондай-ақ оларға): "Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер. Өйткені Ол, өте жарылқаушы." дедім. (10)



қайтарады сонан кейін қайта шығарады." (18) "Алла сендерге жерді төсеніш қылды." (19) "Оның кең жолдарында жүрулерің үшін." (20) Нұх (Ғ.С.): "Раббым! Расында олар маған қарсы келді. Сондай-ақ олар, малдары, балалары өздеріне зияннан басқаны арттырмаған біреулерге ілесті." (21) "Олар зор айлакерліктер істеді." (22) Және олар: "Тәңірлеріңді тастамаңдар; Уад, Суағ, Яғұс, Яғұқ және Насырды есте тастамаңдар" деседі. (Бұлар, бұттарының аттары.) (23) "Расында олар көпшілікті адастырды. Раббым! Сен де залымдардың адасуларын ғана арттыр." (24) Қылмыстарының салдарынан суға батырылды да отқа салынды. Енді олар, өздеріне Алладан өзге көмекші таба алмады. (25) Нұх (Ғ.С.): "Раббым! Жер жүзінде кәпірлерден ешбіреу тұрғын қалдырма" деді. (26) "Егер оларды қалдырсаң, құлдарыңды жолдан адастырады да бұзақы кәпір балаларды ғана тудырады; (27) "Раббым! Мені, әке-шешемді, мүмін болып үйіме кірген кісіні және мүмін ерлер мен мүмін әйелдерді жарылқа! Сондай-ақ залымдардың жоқ болуларын ғана арттыр" деді. (28)

"Ол, сендерге аспаннан мол-мол жаңбыр жібереді." (11) "Әрі өздерінді малдар, балалармен қамдайды. Және сендер үшін бақшалар жасап, өзендер ағызады." (12) "Алланың ұлықтығын ойламайтын сендерге не болды?" (13) "Расында Ол, сендерді түрлі жағдайларда жаратты." (14) "Алланың жеті аспанды қабат-қабат жаратқанын көрмедіңдер ме?" (15) "Олардың ішінде айды нұр қылып, күнді шам қылды." (16) "Алла, сендерді жерден өсіріп өндірді." (17) "Сосын сендерді, ол жерге